Түркістан облысы
Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы

**ЕРТЕҢГІЛІК**

Тақырыбы:




*«Балапан» ересектер тобы*

*Тәрбиешілері: М.Маханбетова*
*Б.Айдарханова*

**«Берекелі алтын күз»**

**«Балапан» ересектер тобы**
**Тәрбиешілері: М.Маханбетова; Б.Айдарханова**

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру,мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші:
Қарсы алайық бәріміз
Жасымызбен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр беріп
Армысыздар құрметті ата-аналар,ұстаздар және « Балдәурен»тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге кош келдініздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады . Ендеше « Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.
Алтын күз ,жаңбырлы күз,
Жомарт күз,суығына шыдайтын,
Сұлулығына көз тоймайтын ,
Алтын күздің тойында.
Балалар хормен : Шаршауды білмейміз
Көңілді би билейміз
Әсем сазды ән салып
Би билеуге дайынбыз

Жүргізуші :
Қызыл жасыл,сары алтындай
Жапырақтар күздің көркі
Ән салайық ,би билейік
Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге
«Күз жомарт» әнін тыңданыздар.

Жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі
Еркелігін тастайды
Күз туралы сіздерге
Таклактарын бастайды – деп өлең шумактарына кезек береміз.

Айлин :
Күздің казан айында
Алма,алмұрт піседі

Жапқандай жапырағымен айналаны
Қуантып байлығымен халқымды
Бір қуантып қайту үшін біздерді
Сабырлы ,сары алтын күз келді.

Балалар хормен: Біз сізді күтудеміз алтын күз
Күз ханшайымы келеді .
Сәлеметсіңдерме балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер.



Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.
Жүргізуші: Сәлеметсізбе күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.
Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбыз ба ?

Күз ханшайымы : Рахмет балалар мен бүгін өзіммен бірге Қыркүйек, Қазан қызыммен Қараша ұлымды алып келдім.
Менің ұл қыздарым құр келген жоқ сендерге өздерінің әндерін дайындап келді. Қане балалар менің Қыркүйек , Қазан , Қарашамның әнін тыңдандар
Қыркүйек , Қазан , Қараша ән айтады.
Жүргізуші : Қандай тамаша ән балалар сендерге ұнады ма ?
Балалар : Ұнады керемет ән.

Жүргізуші: Әсем әуен салдырған
Сәбилерде алғыр жан
Балдәуреннің ұл қызы
Қарсы алыныздар сіздердің алдарыңызда «Балдәурен» тобының бүлдіршіндері.
Ойын ата-аналармен «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.
Жүргізуші : Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлайық
Би билейік ойнайық-деп Қыздарымыздың «Алтын күз» биін қарсы алыңыздар.



Жүргізуші :Ерте ерте ,ертеде
Бау-бақшасы көп өлкеде
Көкөністер жиналып
Үлкен айтыс құрыпты
Жүргізуші : Ғалам жайлы ғажап сырлар шертеді
Ертегіні жақсы көрем мен тегі — деп « Құмырсқа мен шегіртке» ертегісін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Жемістерді тердіңбе ?
Мұндай жеміс көрдің бе ?
Жемістердің айтысын
Ал тыңдайық кел бірге-деп « Жемістер» өлең шумақтарын тыңдаңыздар.

Балым: Пісіп тұрған алмамын
Тамсандырар бал дәмін
Жерге сілкіп түсірме
Ісіп кетер маңдайын

Нұрислам: Мен өрікпін ірімін
Алма,алмұртқа інімін
Дастарханның гүлімін
Сусыныңды қандырар
Салқын саумал шырынмын

Ақбаян: Мен моншақты шиемін
Құмарсыңдар білемін
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйсгін

Сырым: Тіл үйірген алмұртпын
Таңсығымын бар жұрттың
Жақсы өсірс алмайды
Қараса егер салғырт кім

Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр,сыбдыр түседі
Ақселеу: Күн суытып жапырақтар түседі
Астық жеміс жиылды
Қамбаға құйылды

Құралай: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді
Айару : Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Батырхан : Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз

Абдурахман:Алтын,сары, қызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

Алтынай: Қуандырып бізді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз

Рамазан:Алтын ,сары,қызыл, көк
Алуан,алуан ,жапырар
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырак

Жүргізуші : Балалар мен сендерге жұмбак жасырғым келіп тұр , сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсыңдар ма?

Балалар: Әрине дайынбыз.

Жүргізуші: Көк майсалы көрікті
Алқап толы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін. ( Күз )

Жүргізуші: Қызыға біз караймыз
Бүлдіршіндерге бүгінгі
Көрейікші көрермендер

Жүргізуші: Ал балалар тұрмайық
Би билейік бәріміз
Алтын күзде бүгінгі
Шырқап әнге салайық-деп «Балабакша» әнін тыңдаңыздар.
Күз ханшайымы: Балалар мен сендердің өнерлеріне риза болдым, қош сау болыңдар .
Шат көңілді балалар
Шаршағанды білмейді
Алтын күз туралы
Мақал-мәтел айтады-деп күз туралы мақал- мәтелге
кезек берейік.
Каусар : Көктемде жерге түскен бір дән
Күзде мың дән болады.
Алпамыс: Егіндікті күз суғар Күзде суғарсаң жүз суғар. келсе ,бақыт келер ырыспенен.
Ата – аналармен ойын: «Көкөністер»



**1.Жүргізуші:**Құрметті қонақтар! Ата-аналар! Бүгінгі біздің «Арайлы - Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, келер күзіміз де берекелі, молшылық, астықты болсын деп тілейміз. Бүгінгі мерекені қорытындылай отырып, «Күз сый» көрмесімен қолөнер дайындап әкелгене ата-аналарымызға марапаттау үшін сөз кезегін балабақшамыздың басшысына береміз.

**2.Жүргізуші:** Берекелі бақ дәулет,
Арта түссін тойланып.
Сау болыңдар қонақтар!
Келгенше күз айналып.
Қош сау болыңыздар!

**Қорытынды:** Марапаттау рәсімі.
Естелікке суретке түсу.